

Бәйдібек аудандық мәслихатының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 24/139 "2018–2020 жылдарға арналған ауылдық округтердің бюджеттері туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Түркістан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 2018 жылғы 13 тамыздағы № 29/178 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 15 тамызда № 4714 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 9-1-бабының 2-тармағына, 106-бабының 4-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес Бәйдібек аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бәйдібек аудандық мәслихатының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 24/139 "2018 -2020 жылдарға арналған ауылдық округтердің бюджеттері туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 4394 нөмірімен тіркелген, 2018 жылғы 3 ақпанда "Алғабас" газетінде және 2018 жылғы 25 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

3 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Алғабас ауылдық округінің 2018 - 2020 жылдарға арналған бюджеті 1 қосымшаға сәйкес, оның ішінде 2018 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 95 721 мың теңге:

салықтық түсімдер – 5 260 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 124 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0;

трансферттер түсімі – 90 337 мың теңге;

2) шығындар – 95 721 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0:

бюджеттік кредиттер – 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0:

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0:

қарыздар түсімі – 0;
қарыздарды өтеу – 0;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 0."

Көрсетілген шешімнің 4 қосымшасы осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Бәйдібек аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы мәслихат шешімі мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Бәйдібек ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Бәйдібек аудандық мәслихаттың интернет - ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат

сессиясының төрағасы

Аудандық мәслихат хатшысы

С.Спабеков

М.Нахипбеков

Бәйдібек аудандық
мәслихатының 2017 жылғы
27 желтоқсандағы № 24/139
шешіміне 4 қосымша
Бәйдібек аудандық
мәслихатының 2018 жылғы
13 тамыздағы № 29/178
шешіміне 1 қосымша

2018 жылға арналған Алғабас ауылдық округінің бюджеті

Санаты			Сомасы , мың теңге
Сыныбы			
Ішкі сыныбы			
		Атауы	
1	2		3
		I. Кірістер	95721
1		Салықтық түсімдер	5 260
01		Табыс салығы	1 433

	2	Жеке табыс салығы	1 433
04		Меншікке салынатын салықтар	3 827
	1	Мүлікке салынатын салықтар	61
	3	Жер салығы	743
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	3 023
2		Салықтық емес түсімдер	124
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	78
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	78
	04	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	15
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	15
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер	31
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	31
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
4		Трансферттердің түсімдері	90 337
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	90 337
	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланын) бюджетінен трансферттер	90 337
Функционалдық топ			
	Кіші функция		Сомасы мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
	Бағдарлама		
	Атауы		
		2. Шығындар	95 721
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	15315
	1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	15315
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	15315
		001 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	13 885
		022 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	150
		032 Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	910
04		Білім беру	79 135
	1	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	79 135
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	79 135
		004 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	79 135
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1 760
	3	Елді-мекендерді көркейту	1 760

	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 760
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	280
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	440
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	920
		3. Таза бюджеттік кредиттеу	0
		Бюджеттік кредиттер	0
		Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
		4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
		Қаржы активтерін сатып алу	0
		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		5. Бюджет тапшылығы (профициті)	0
		6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0
		Қарыздар түсімі	0
		Қарыздарды өтеу	0
		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК